

"Азаматтық қорғау органдарының әскери қызметшілеріне ақшалай ризықты, жәрдемақылар мен басқа да төлемдерді төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндеттін атқарушының 2023 жылғы 14 ақпандығы № 75 бүйрығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 378 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2025 жылғы 29 тамызда № 36744 болып тіркелді

#### БҮЙЫРАМЫН:

1. "Азаматтық қорғау органдарының әскери қызметшілеріне ақшалай ризықты, жәрдемақылар мен басқа да төлемдерді төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндеттін атқарушының 2023 жылғы 14 ақпандығы № 75 бүйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31947 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Азаматтық қорғау органдарының әскери қызметшілеріне ақшалай ризықты, жәрдемақылар мен басқа да төлемдерді төлеу қағидаларында:

4-тарау мынадай мазмұндағы 8-параграфпен толықтырылсын:

"8-параграф. Әскери қызметшілерді далалық шығуларға (арнаулы далалық жұмыстарды қоспағанда) теңізге шығуларда, оқу-жаттығуларға немесе кемелердің жорықтарына жіберу кезіндегі далалық төлемдер.

73-1. Әскери қызметшілерге (мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілерін, әскери оқу орындарының курсанттары мен кадеттерін, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілерді, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда) дала шығулары, теңізге шығулар, оқу-жаттығуларға немесе кемелер жорығына қатысу кезеңі үшін дала төлемдері жүзеге асырылады.

73-2. Далалық төлемдер тұрақты тұрғылықты жерінен тыс орналасқан жеріне қарамастан, далалық шығуда (арнаулы далалық жұмыстарды қоспағанда), теңізге шығуда болғаны үшін, оқу-жаттығуларға немесе кемелердің жорықтарына қатысқаны үшін іссапар шығыстарды төленбестен, тәулігіне 1,2 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде азаматтық қорғаныс әскери бөлімінің қаржы қызметі арқылы осы айға арналған ақшалай үlestі төлеумен бір мезгілде, жүзеге асырылады.

Бұл төлемдер дала шығуларда, теңізге шығуларда, оқу-жаттығуларға немесе кемелердің жорықтарына қатысқаны үшін бір тәуліктен астам әрбір тәулікке төленеді".

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Қаржылық қамтамасыз ету департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінде интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрі*

*Ч. Аринов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК